

«Елмерей» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №1

2024–2025 оқу жылы

Тақырыбы: Заттық-пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру

30.08.2024

Қатысушылар : Педагогтар құрамы

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тақырыптық баяндама: «Заттық-пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру».
2. Оқу орталықтарының жаңа стандарттарға сәйкестігін талдау.
3. Ағымдағы әдістемелік мәселелер.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер Анарбекова Клара МДҰ-дағы заттық-пәндік ортаны тиімді ұйымдастырудың талаптары, дамытушы орталықтардың түрлері, балалардың жас ерекшеліктеріне сай материалдарды орналастыру қағидалары туралы баяндама жасады.

Екінші мәселе бойынша әдіскер сөз сөйледі

Оқу орталықтарының жаңа білім беру стандарттарына сәйкестігіне жүргізілген талдау нәтижелерімен таныстырды. Талдау барысында оқу

бағдарламаларының, оқу-әдістемелік кешендердің, материалдық-техникалық базаның және педагогтердің біліктілік деңгейінің жаңа талаптарға сәйкестігі қарастырылды. Кейбір бағыттар бойынша оқу бағдарламаларын жаңарту, оқу-әдістемелік материалдарды толықтыру және оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру қажеттілігі атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша

Педагогтар құрамы оқу үдерісінде кездесетін өзекті әдістемелік мәселелерді талқылады. Атап айтқанда, заманауи оқыту технологияларын қолдану, бағалау құралдарын жетілдіру, цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану және оқу сабақтарының сапасын арттыру мәселелері көтерілді.

Қаулы етті:

- Барлық топтар дамытушы орталықтарды стандартқа сай қайта форматтасын.
- Материалдар қауіпсіз және қолжетімді болсын.
- Әр топ ай сайын орталықтардың жұмысын фотоақпаратпен тапсырып отырсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №2

2024–2025 оқу жылы

Тақырыбы: Мектепке дейінгі балалардың дамуын сюжеттік-ролдік ойындардың маңызы

10.01.2025ж

Қатысқандар саны: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Баяндама: «Сюжеттік-ролдік ойындардың бала дамуына ықпалы».
2. Топтардағы ойын ортасын тексеру нәтижелері.
3. Ойын сюжеттерін байытуға арналған әдістемелік ұсыныстар.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Меңгеруші К.Арымбекова сюжеттік-ролдік ойындардың тіл дамыту, әлеуметтік дағды қалыптастыру, шығармашылықты арттырудағы маңызы туралы баяндады.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер топтардағы ойын ортасына жүргізілген тексеру нәтижелері таныстырылды. Талдау барысында ойын бұрыштарының ұйымдастырылуы, ойын материалдарының қолжетімділігі, қауіпсіздігі, жас ерекшеліктеріне сәйкестігі және балалардың ойын әрекетін дамытуға арналған жағдайлардың жасалуы қарастырылды. Жалпы ойын ортасының талаптарға сәйкес екендігі айтылып, кейбір топтарда сюжеттік-ролдік ойындарға арналған атрибуттарды толықтыру және ойын материалдарын жаңарту қажеттілігі атап өтілді.

3-мәселе бойынша тыңдалды

Педагогтер балалардың шығармашылығын, тілдік қарым-қатынасын және әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында ойын сюжеттерін

байыту жолдарын талқылады. Түрлі тақырыптағы сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастыру, табиғи және қалдық материалдарды пайдалану, сондай-ақ ұлттық ойын элементтерін енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қаулы етті:

- Әр топта рөлдік ойын бұрышы жасақталсын.
- Ойынға қажетті атрибуттар толықтырылсын.
- Тәрбиешілер айына кемінде 2 сюжеттік ойын өткізіп, есеп тапсырып отырсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3

2024–2025 оқу жылы

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі

16.05.2025ж

Қатысқандар саны: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Баяндама: «Балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімді жолдары».
2. Патриоттық іс-шаралар жоспарын талқылау.
3. Ағымдағы жұмыстар.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер Анарбекова Клара патриоттық құндылықтарды бала бойына сіңіру жолдары туралы баяндама жасады.

2-мәселе бойынша тыңдалды

Меңгеруші Каракөз Арымбекова алдағы кезеңге арналған патриоттық іс-шаралар жоспарын таныстырды. Жоспарда мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналған тәрбиелік іс-шаралар, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге бағытталған жұмыстар, туған өлкенің тарихы мен мәдениетін насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, сондай-ақ ата-аналармен бірлескен патриоттық бағыттағы іс-шаралар қамтылғаны айтылды. Кеңес мүшелері жоспарды талқылап, оны мазмұнды әрі заманауи форматтармен толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізді.

3-мәсле бойынша тыңдалды;


Әдіскер ағымдағы жұмыстар туралы ақпарат берді. Оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуы, жоспарланған іс-шаралардың орындалу барысы, құжаттамаларды уақытылы рәсімдеу, педагогтердің кәсіби дамуы және алдағы айға жоспарланған жұмыстар талқыланды.

Қаулы етті:

- Патриоттық іс-шаралар жоспары бекітілсін.
- Топтарда «Менің Отаным – Қазақстан» бұрышы жаңартылсын.
- Ұлттық ойындар, өнер, салт-дәстүр бағытындағы жұмыс күшейтілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



К.Арымбекова

А.Кәтен